

## Мұрағат ісі және құжаттаманы басқару саласындағы кәсіби стандарттарды бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 296 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 24 қаңтарда № 9089 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 2 қыркүйектегі № 249 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 02.09.2016 № 249 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мұрағатшы мамандығы бойынша кәсіби стандарт;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес археограф мамандығы бойынша кәсіби стандарт;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мұрағаттық қойманың менгерушісі мамандығы бойынша кәсіби стандарт;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бас қор сақтаушысы мамандығы бойынша кәсіби стандарт;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес палеограф мамандығы бойынша кәсіби стандарт бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті (Б.С. Қалианбеков):

- 1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін;
- 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

М. Құл-Мұхаммед

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
корғау министрі  
\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова  
2013 жылғы 24 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің  
2013 жылғы 18 желтоқсандағы  
№ 296 бұйрығына  
1-қосымша

## **Мұрағатшы мамандығы бойынша кәсіби стандарт 1. Жалпы ережелер**

1. Мұрағатшы мамандығы бойынша кәсіби стандарт (бұдан әрі – КС) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және "91.01 Кітапханалар мен мұрағаттардың қызметі" кәсіби қызмет саласындағы біліктіліктің, құзыреттіліктің, мазмұнының, сапасы мен еңбек жағдайларының деңгейіне талаптарды анықтайды және:

- 1) еңбек саласы және кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын реттеу;
- 2) кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу үшін талаптарды регламенттеу;
- 3) персоналды аттестациялау және сертификациялау кезінде қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау үшін талаптарды регламенттеуге арналған.

2. КС-тың негізгі пайдаланушылары:
  - 1) білім беру үйимдарының түлектері, қызметкерлер;
  - 2) үйим басшылары, персоналды басқару үйимы бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;
  - 3) мемлекеттік білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;
  - 4) кәсіби даярлықты бағалау және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растау саласының мамандары.

3. КС негізінде үйимның біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтары, үлгілік білім бағдарламалары, үлгілік оқу бағдарламалары, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

4. Осы КС-та төмендегі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

- 1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шенберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;
- 2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;
- 3) еңбек заты – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында қызметкердің әрекеті бағытталған зат;
- 4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде қызметкердің қолданатын құралдары;
- 5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының тұтас жиынтығы мен оларды орындау үшін құзыреттіліктерден құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас бөлігі;
- 6) еңбек функциясы – бизнес-процесс айқындайтын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының кіріктіліген және салыстырмалы түрде автономды жиынтығын білдіретін еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;
- 7) кәсіби қызметтің саласы – жалпы интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын міндеттер, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар салалық үйлес еңбек функциялары мен оларды орындау үшін құзыреттіліктерді шамалайтын еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;
- 8) кәсіби стандарт бірлігі – еңбек қызметінің аталған түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде автономды және елеулі болып табылатын нақты еңбек функциясының жан-жақты сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;
- 9) кәсіп, мамандық – арнайы теориялық білім мен арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын практикалық білік, жұмыс тәжірибесі кешенін менгеруді қажет ететін еңбек қызметі түрі;
- 10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, дағдысы мен тәжірибесін қолдану қабілеті;
- 11) лауазым – лауазымдық құзіреттілік пен лауазымдық міндеттер жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;
- 12) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асыруға және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;
- 13) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен қызметкерлердің кәсіби біліктері ортақ ұйымдардың жиыны;
- 14) салалық біліктілік шенбері (СБШ) – салада танылған біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

15) ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылған біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

16) функционалдық карта – белгілі бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын қызметкердің еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

## **2. КС паспорты**

5. Бұл КС мынаны айқындайды:

1) экономикалық қызметтің түрі (кәсіби қызметтің саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышы (бұдан әрі – ҚР МЖ 03-2007 "91.01 Кітапханалар мен мұрағаттардың қызметі").

2) экономикалық қызмет түрлерінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты:

мұрағат ісі және құжаттаманы басқару саласында белгіленген талаптарға сәйкес қызметті жүзеге асыру;

3) біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (мамандық) түрлері осы КС 1-қосымшасына сәйкес.

## **3. Еңбек қызметі (мамандық) түрлерінің карточкасы**

6. Еңбек қызметі (мамандық) түрлерінің карточкасы:

1) Біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 5; СБШ бойынша – 5.

2) ҚР МКС 01-2005 – Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер сыныптауышы: 2431 "Мұрағатшылар, мұражайлар сақтаушылары және ұқсас кәсіп мамандары";

3) лауазымдардың (мамандық) мүмкін атаулары: мұрағатшы, мұрағатшы маман, маман;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпы сипаттамасы:

мұрағат ісі және құжаттаманы басқару саласында белгіленген талаптарға сәйкес қызметті жүзеге асыру;

5) жұмыс жасауға болатын орындар, қызметкердің кәсіби біліміне және оқытуына қойылатын талаптар, біліктілігін растайтын сертификаттың қажеттілігі, жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа қол жеткізуудің ерекше жағдайлары осы КС 2-қосымшасында берілген.

## **4. КС бірліктерінің тізбесі**

7. КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшасында көрсетілген және КС бірлігінің шифры мен атауы бар.

## **5. КС бірліктерінің сипаттамасы**

8. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасының 1-2 кестелерінде көрсетілген.

## **6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері**

9. Мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен осы КС негізінде сертификаттар беріледі.

10. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері, сертификатты алу үшін осы КС 3-қосымшасында көрсетілген менгерілуі міндетті КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес анықталады.

## **7. Әзірлеушілер, келісу парағы, КС сараптама жасау және тіркеу**

11. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі болып табылады.

12. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында көрсетілген.

Мұрағатшы мамандығы бойынша  
кәсіби стандартқа  
1-қосымша

## **Біліктілік деңгейі бойынша қызметтердің (мамандықтардың) түрлері**

№ р/ с	Кызмет түрлерінің атауы	Еңбек нарығында тaнылған мамандар атауы	КР МК 01-2005 сәйкес кәсіппер атауы	С Б Ш бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша дәреже
1	Мұрағат ісі және құжаттаманы басқару саласында белгіленген талаптарға сәйкес қызметті жүзеге асыру	мұрағатшы	мұрағатшы	4-5	-

Ескерту: БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіпперінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

Мұрағатшы мамандығы бойынша  
кәсіби стандартқа  
2-қосымша

**Мамандығы бойынша жұмыс жасауға болатын орындар.**

**Мұрағатшының еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне  
қойылатын талаптар**

Ұлттық мұрағатта, орталық мемлекеттік мұрағаттарда,  
облыстырдың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік  
мұрағаттарында және олардың филиалдарында, арнайы

Мамандығы бойынша жұмыс жасауга болатын орындар	мемлекеттік мұрағаттарда, ұйымдардың құжаттамамен қамтамасыз ету қызметтерінде, ведомстволық және жеке мұрағаттарында	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	құжаттарды сактаумен, пайдаланумен, жинақтаумен байланысты зиянды еңбек жағдайы болады	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	құпия және таратылуы шектелген мәліметі бар құжаттармен жұмыс жүргізуге қол жеткізудің ерекше жағдайы болады	
С Б Ш бойынша біліктілік денгейі	Кәсіби білім және оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
5 . 4 (Санатсыз мұрағатшы)	Тарих, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, зангер, филология мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім	жұмыс өтіліне талап қойылмайды
5 . 3 (Екінші санатты мұрағатшы)	Тарих, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, зангер, филология мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім	мұрағат саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде 1 жыл
5 . 2 (бірінші санатты мұрағатшы)	Тарих, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, зангер, филология мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім	мұрағат саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде 2 жыл
5 . 1 (Жоғары санатты мұрағатшы)	Тарих, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, зангер, филология мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім	мұрағат саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде 3 жыл
4 . 4 (Санатсыз мұрағатшы)	тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнайы, орта кәсіби) білімі	жұмыс өтіліне талап қойылмайды
4 . 3 (Екінші санатты мұрағатшы)	тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнайы, орта кәсіби) білімі	архивариус және іс жүргізуші лауазымдары бойынша жұмыс өтілі кем дегенде 1 жыл
4 . 2 (бірінші санатты мұрағатшы)	тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнайы, орта кәсіби) білімі	архивариус және іс жүргізуші лауазымдары бойынша жұмыс өтілі кем дегенде 2 жыл
4 . 1 (Жоғары санатты мұрағатшы)	тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіби (орта арнайы, орта кәсіби) білімі	архивариус және іс жүргізуші лауазымдары бойынша жұмыс өтілі кем дегенде 3 жыл

Мұрағатшы мамандығы бойынша  
кәсіби стандартқа  
3-қосымша

## КС бірліктерінің тізбесі

### Мұрағатшының еңбек қызметінің (мамандығының) түрі

еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы
Ф 1	Ұлттық мұрағат қоры және жеке құрам бойынша құжаттарды жинақтау бойынша жұмыс
Ф 2	Ұлттық мұрағат қоры және жеке құрам бойынша құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету
Ф 3	Ұлттық мұрағат қоры және жеке құрам бойынша құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу
Ф 4	Ұлттық мұрағат қоры және жеке құрам бойынша құжаттарды пайдалану
Ф 5	іс жүргізу және құжаттарды сақтау мәселелері бойынша толықтыру көздері-ұйымдарға әдістемелік көмек көрсету

Ескерту: Ф - функция

Мұрағатшы мамандығы бойынша  
кәсіби стандартқа  
4-қосымша

### КС бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

1-кесте

#### 1. СБШ 4 деңгейдегі мұрағатшының еңбек қызметінің (мамандығы) түрі

Шифр	Еңбек күралдары	Еңбек жабдықтары	Міндеттер	Білу және дағдылану	Білім

			Mұрагат құжаттары
Ф 1	Мұрагаттық құжаттар , есептік құжаттама	Жеке компьютер, деректер базасы	<p>3.1.1. Құжаттарды тігуді және түpteуді, мұқабалауды жүзеге асыру;</p> <p>3.1.2. Құжаттарды тұрақты сақтауға қабылдау бойынша жұмысқа қатысу;</p> <p>3.1.3. Құжаттарды тұрақты сақтауға қабылдауды жүзеге асыру. Құжаттар құндылығына сараптама жүргізу, есепке алу және табылмаған істерді іздестіру бойынша жұмысқа қатысу. Мұрагаттың толықтыру көздері болып табылатын ұйымдар тізімін жасауга қатысу;</p> <p>3.1.4. Мұрагаттың толықтыру көздері болып табылатын ұйымдар құжаттарын мұрағатта тұрақты сақтауға іріктеуді және қабылдауды ұйымдастыру, келіссөздер жүргізу.</p> <p>Мұрагаттың толықтыру көздері болып табылатын ұйымдар тізімін жасау. Есепке алууды және табылмаған істерді іздестіруді жүзеге асыру.</p>

				кешенінің құрамы мен мазмұнын білу.
Ф 2	Мұрагаттық құжаттар , есептік құжаттама	Жеке компьютер, стеллаждар, температура мен ылғалдылықты бақылайтын құралдар (термометр, гигрометр)	<p>3.2.1. Мұрагаттық құжаттарды тасымалдау, орнын ауыстыру. Мұрагаттық құжаттарды орналастыру. Истерді шаң-тозаңнан арылтуды жүзеге асыру. Истердің толықтығы мен жай-күйін тексеру жұмысына қатысу;</p> <p>3.2.2. Мұрагат қоймасынан құжаттар беруді және оларды қайтаруды жүзеге асыру;</p> <p>3.2.3. Истердің толықтығы мен жай-күйін тексеру. Құжаттарды сактаудың температуралық-ылғалдылық, санитарлық-гигиеналық және күзету режимдеріне, мұрагат қоймаларының өртке қарсы жай-күйіне бақылау;</p> <p>3.2.4. Құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және оларды мұрагат қоймаларында тиімді орналастыру.</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып стандарттық және практикалық міндеттерді шешу және орындау;</p> <p>2) мұрагат саласындағы практикалық тәжірибе негізінде атқару тәсілдерін тандау;</p> <p>3) алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету.</p> <p>Мұрагат құжаттары кешенінің құрамы мен мазмұнын, мұрагат құжаттарын сақтаудың және жіктеудің жүйесін білу.</p>
Ф 3	Мұрагаттық құжаттар , есептік құжаттама	Жеке компьютер, деректер базасы	<p>3.3.1. Тізімдемелерді жетілдіру және қайта өндеу кезінде жұмыстың техникалық түрлерін жүзеге асыру;</p> <p>3.3.2. Негізгі есептік құжаттарды жүргізу бойынша жұмысқа қатысу, мұрагат құжаттарын ғылыми сипаттау бойынша жұмыс;</p> <p>3.3.3. Негізгі есептік құжаттарды жүргізу бойынша жұмысқа қатысу, мұрагаттың толықтыру көздерінің тізімін жасау. Тізімдемелерді жетілдіру және қайта өндеу;</p> <p>3.3.4. Негізгі есептік құжаттарды жүргізу, мұрагаттың толықтыру көздерінің тізімін жасау. Толықтыру көздері – ұйымдарда уақытша сақтаудағы құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу.</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып стандарттық және практикалық міндеттерді шешу және орындау;</p> <p>2) мұрагат саласындағы практикалық тәжірибе негізінде атқару тәсілдерін тандау;</p> <p>3) алынған нәтижелерді ескере отырып</p> <p>Мұрагаттауды жүргізуі реттейтін нормативтік</p>

			қызметті түзету.	техникалық құжаттаманы білу	
Ф 4	Мұрагаттық құжаттар , есептік құжаттама, ғылыми-анықтамалық аппарат	Жеке компьютер, деректер базасы	<p>3.4.1. Құжаттарды ғылыми сипаттау кезіндегі техникалық жұмыс түрлерін жүзеге асыру;</p> <p>3.4.2. Каталогтар, деректер базасын жүргізу, мұрагат құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы ақпараттық-анықтамалық басылым дайындау кезіндегі жоғары біліктілікті талап етпейтін жұмысты орындау. Оқу залында жұмыс жасайтын зерттеушілерге қызмет көрсетуге катысу. Мәтінді түпнұсқамен салыстыру;</p> <p>3.4.3. Мұрагат құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы ақпараттық-анықтамалық басылым дайындауға катысу.</p> <p>Мұрагаттық құжаттар бойынша ғылыми-анықтамалық аппаратының, деректер базасының жай-күйіне талдауды және есепке алуды жүзеге асыруға катысу. Көрмелер, бұқаралық ақпараттық құралдары үшін материалдар дайындауға катысу;</p> <p>3.4.4. Мұрагат құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы ақпараттық-анықтамалық басылым дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу. Мұрагаттық құжаттар бойынша ғылыми-анықтамалық аппаратының, деректер базасының жай-күйіне талдауды және есепке алуды жүзеге асыру . Мұрагат бойынша экскурсия жүргізу, көрмелер, бұқаралық ақпараттық құралдары үшін материалдар дайындау.</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып, стандарттық және практикалық міндеттерді шешу және орындау;</p> <p>2) мұрагат саласындағы практикалық тәжірибе негізінде атқару тәсілдерін тандау;</p> <p>3) алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету.</p>	<p>Мұрагаттауды жүргізуді реттейтін нормативтік техникалық құжаттаманы білу;</p> <p>Мемлекеттік және ведомстволық мұрагаттар жұмысының қағидаларын, кино-фото, фонокұжаттармен және ғылыми-техникалық құжаттамамен жұмыс қағидаларын білу.</p>
			<p>3.5.1. Мұрагатты толықтыру көздері – ұйымдардың мұрагаттық қызметтерінде, ведомстволық мұрагаттарында, іс жүргізудегі құжаттарды ұйымдастыруда ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетуге катысу;</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып, стандарттық және практикалық</p>	<p>Мұрагаттауды жүргізуді реттейтін нормативтік техникалық құжаттаманы білу;</p>

Ф 5	Мұрағаттық құжаттар , есептік құжаттама, ғылыми-анықтамалық аппарат	Жеке компьютер, деректер базасы	<p>3.5.2. Мұрағатты толықтыру көздері – ұйымдардың мұрағаттық қызметтерінде, ведомстволық мұрағаттарында, іс жүргізуегі құжаттарды ұйымдастыруда ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету;</p> <p>3.5.3. Мұрағатты толықтыру көздері – ұйымдардың мұрағаттық қызметтерінде, ведомстволық мұрағаттарында, іс жүргізуегі құжаттарды ұйымдастыруда ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету</p>	<p>Мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттар жұмысының қағидаларын, практикалық, кино-фото, фонокүжаттармен және ғылыми-техникалық құжаттамамен жұмыс қағидаларын білу.</p>
-----	---	---------------------------------	--	--

## 2-кесте

### 2. СБШ 5 деңгейдегі мұрағатшының еңбек қызметінің (мамандығы) түрі

Шифр	Еңбек күралдары	Еңбек жабдықтары	Міндеттер	Білу және дағдылану	Білім
Ф 1	Мұрағаттық құжаттар , есептік құжаттама	Жеке компьютер, деректер базасы	<p>3.1.1. Істерді шифрлеуді, нөмірлеуді және істердегі паракттар нөмірлерін тексеруді жүзеге асыру;</p> <p>3.1.2. Құжаттар құндылығына сараптама жүргізу бойынша жұмысқа қатысу;</p> <p>3.1.3. Мұрағаттың толықтыру көздері – ұйым құжаттарын іріктеуді және тапсыруды ұйымдастыру бойынша жұмысқа қатысу. Шетел мұрағаттары мен ғылыми мекемелеріндегі Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды анықтау бойынша жұмысқа қатысу;</p> <p>3.1.4. Залалсыздандыру, қалпына келтіру, түптеу, бұзылудаң сақтау-профилактикалық өндеу бойынша жұмыстар жүргізу үшін құжаттар құндылығына сараптауды, мұрағаттық құжаттарды іріктеуді ұйымдастыру және жүргізу; Ведомстволық мұрағаттарда</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып стандарттық және практикалық міндеттерді шешу және орындау; 2) мұрагат саласындағы практикалық тәжірибе негізінде атқару тәсілдерін тандау; 3) алынған нәтижелерді ескере</p>	<p>өндеу машиналар жұмысының қалдық ресурстарын анықтау әдістерін білу, талдау негізінде алынған</p>

			төлкүжаттауды жүргізу. Шетел мұрагаттары мен ғылыми мекемелеріндегі Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды анықтау.	отырып қызметті түзету.	деректерді салыстыруды білу.
Ф 2	Мұрагаттық құжаттар , есептік құжаттама	Жеке компьютер, стеллаждар, температура мен ылғалдылықты бақылайтын құралдар термометр, гигрометр	<p>3.2.1. Қалпына келтіру-қайта қалпына келтіру жұмыстарын, залалсыздандыруды және дәрілеуді, сақтандыру қоры мен пайдалану қорын жасауды жүргізуге құжаттарды дайындау. Мұрагат қоймасынан құжаттар беруді және оларды мұрагат қоймасына қайтаруды жүзеге асыру;</p> <p>3.2.2. Құжаттарды топографиялау бойынша жұмыс жүргізу;</p> <p>3.2.3. Залалсыздандыру, қалпына келтіру, түштеу, бұзылудаң сақтау-профилактикалық өндеу бойынша жұмыстар жүргізу үшін мұрагаттық құжаттарды іріктеуді жүзеге асыру;</p> <p>3.2.4. Құжаттарды сақтаудың температуралық-ылғалдылық, санитарлық-гигиеналық және күзету режимдеріне, мұрагат қоймаларының өртке қарсы жай-қүйіне бақылауды жүзеге асыру.</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып стандарттық және практикалық міндеттерді шешу және орындау;</p> <p>2) мұрагат саласындағы практикалық тәжірибе негізінде атқару тәсілдерін таңдау;</p> <p>3) алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету.</p>	<p>Мұрагаттық құжаттардың сақталуын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету әдістерін білу; Мемлекеттік және ведомстволық мұрагаттар жұмысының қағидаларын, кино-фото, фонокүжаттармен және ғылыми-техникалық құжаттамамен жұмыс қағидаларын білу.</p>
Ф 3	Мұрагаттық құжаттар , есептік құжаттама	Жеке компьютер, деректер базасы	<p>3.3.1. Қосымша есептік құжаттар жүргізу. Деректер базасына ақпарат енгізу;</p> <p>3.3.2. Тізімдемелерді жетілдіру және қайта өндеу бойынша жұмыстарға қатысу. Каталогтар, деректер базасын жүргізу;</p> <p>3.3.3. Қорлар каталогтарын, деректер базасын, тақырыптық әзірлемелерін жүргізу. Мұрагат құжаттары бойынша ғылыми-анықтамалық аппараттың, деректер базасының жай-қүйін талдау және есепке алу;</p> <p>3.3.4. Толықтыру көздері – үйымдарға әдіstemelіk көмек. Ведомстволық мұрагаттарда төлкүжаттауды жүргізу. Тізімдемелерді жетілдіру және қайта өндеу, каталогтар, деректер базасын жасау және</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып стандарттық және практикалық міндеттерді шешу және орындау;</p> <p>2) мұрагат саласындағы практикалық тәжірибе негізінде атқару тәсілдерін таңдау;</p> <p>3) алынған</p>	<p>Бөлімнің бейіні бойынша әдіstemelік құралдар әзірлеу әдістерін білу; Мемлекеттік және ведомстволық мұрагаттар жұмысының қағидаларын, кино-фото, фонокүжаттармен және ғылыми-техникалық құжаттамамен жұмыс қағидаларын білу; мұрагат ісі саласындағы ғылыми-зерттеу</p>

		<p>жүргізу. Корлардың тақырыптық әзірлемелерін жүзеге асыру. Мұрагаттық қорларды санаттау бойынша жұмыс жүргізу.</p>	<p>нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету.</p>	<p>және әдістемелік әзірлемелерді білу.</p>
Ф 4	Мұрагаттық құжаттар , есептік құжаттама	<p>Жеке</p> <p>компьютер, деректер базасы</p> <p>Жеке</p> <p>арнайы білім мен қабілетті талап ететін жеке және заңды тұлғалардың күрделі сұранымдарын орындау. Оқу залында жұмыс жасайтын зерттеушілерге қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, пайдаланушылардың өтініші бойынша құжаттар көшірмеледі үйимдастыру. Құжаттық жарияланымдар үшін құжаттар анықтау және іріктеу, археографиялық ресімдеу, құжаттарға түсініктеме, жарияланымдарға ғылыми-анықтамалық аппарат жасау бойынша жұмысқа қатысу ;</p> <p>3.4.3. Арнайы білім мен қабілетті талап ететін жеке және заңды тұлғалардың күрделі сұранымдарын орындау. Оқу залында жұмыс жасайтын зерттеушілерге қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, пайдаланушылардың өтініші бойынша құжаттар көшірмеледі үйимдастыру. Құжаттық жарияланымдар үшін құжаттар анықтау және іріктеу, археографиялық ресімдеу, құжаттарға түсініктеме, жарияланымдарға ғылыми-анықтамалық аппарат жасау ;</p> <p>3.4.4. Жоғары біліктілікті, арнайы білім мен қабілетті талап ететін өте күрделі сұранымдарды орындау. Мұрагат оқу залының жұмысын үйимдастыру. Құжаттық жарияланымдарды құрастыруға жауаптылық. Құжаттарды баспаға дайындау, бірлесе орындаушылардың жұмысын үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз ету. Құжаттық жарияланымдар үшін құжаттар</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып стандарттық және практикалық міндеттерді шешу және орындау;</p> <p>2) мұрагат саласындағы практикалық тәжірибе негізінде атқару тәсілдерін тандау;</p> <p>3) алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті түзету.</p>	<p>Мұрагаттық құжаттарды сақтауға жауапты үйимдар мен құрылымдық бөлімшелерге әдістемелік көмек көрсету үшін бөлімнің бейіні бойынша әдістемелік құралдар әзірлеу жөніндегі әдістерді білу ;</p> <p>Мемлекеттік және ведомстволық мұрагаттар жұмысының қағидаларын, кино-фото, фонокұжаттармен және ғылыми-техникалық құжаттамамен жұмыс қағидаларын білу; мұрагат ісі саласындағы ғылыми-зерттеу</p>

			аныктау және іріктеу, археографиялық ресімдеу, құжаттарға түсініктеме. Жарияланымдарға ғылыми-анықтамалық аппарат жасау. Жарияланымдарды ғылыми саралау.		және әдістемелік әзірлемелерді білу.	
Ф 5	Мұрағаттық құжаттар, есептік құжаттама, ғылыми-анықтамалық аппарат	Жеке компьютер, деректер базасы	<p>3.5.2. Мұрағаттық қызметтер, ведомстволық мұрағаттар жұмысына, толықтыру көздері – ұйымдардың іс жүргізуінде құжаттарды ұйымдастыруды ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетуге катысу.</p> <p>3.5.3. Мұрағаттық қызметтер, ведомстволық мұрағаттар жұмысына, толықтыру көздері – ұйымдардың іс жүргізуінде құжаттарды ұйымдастыруды ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету.</p> <p>3.5.4. Мұрағаттың толықтыру көздері – ұйымдарда мұрағат ісі саласында заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру. Мұрағат құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы зерттеушілерге кенес беру.</p>	<p>1 ) теориялық және практикалық білімдерді пайдалана отырып стандарттық және практикалық міндеттерді шешу және орындау;</p> <p>2) мұрағат саласындағы практикалық тәжірибе негізінде атқару тәсілдерін таңдау;</p> <p>3) алынған нәтижелерді ескере отырып қызметті тузыту.</p>	Мұрағаттық құжаттарды сақтауға жауапты ұйымдар мен құрылымдық бөлімшелерге әдістемелік көмек көрсету үшін бөлімнің бейіні бойынша әдістемелік құралдар әзірлеу жөніндегі әдістерді білү;	Мемлекеттік және ведомстволық мұрағаттар жұмысының қағидаларын, кино-фото, фонокұжаттармен және ғылыми-техникалық құжаттамамен жұмыс қағидаларын білу; мұрағат ісі саласындағы ғылыми-зерттеу және әдістемелік әзірлемелерді білу.

Мұрағатшы мамандығы бойынша

кәсіби стандартта

5-қосымша

## Келісу парагы

Ұйымның атауы	Келісу күні
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	

Осы кәсіби стандарт \_\_\_\_\_ тіркелген.

Кәсіби стандарттардың тізіліміне енгізілген, тіркеу № \_\_\_\_\_

Хат (хаттама) №\_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлік

## Археограф мамандығы бойынша

### кәсіби стандарт

#### 1. Жалпы ережелер

1. Археограф мамандығы бойынша кәсіби стандарт (бұдан әрі – КС) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және "91.01 Кітапханалар мен мұрағаттардың қызметі" кәсіби қызмет саласындағы біліктіліктің, құзыреттіліктің, мазмұнының, сапасы мен еңбек жағдайларының деңгейіне талаптарды анықтайды және:

1) еңбек саласы және кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын реттеу;

2) кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу үшін талаптарды регламенттеу;

3) персоналды аттестациялау және сертификациялау кезінде қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау үшін талаптарды регламенттеуге арналған.

2. КС-тың негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының тулектері, қызметкерлер;

2) ұйым басшылары, персоналды басқару ұйымы бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) мемлекеттік білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) кәсіби даярлықты бағалау және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растау саласының мамандары.

3. КС негізінде ұйымның біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтары, ұлгілік білім бағдарламалары, ұлгілік оқу бағдарламалары, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

4. Осы КС-та тәмендегі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шенберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заты – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында қызметкердің әрекеті бағытталған зат;

4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде қызметкердің қолданатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының тұтас жиынтығы мен оларды орындау үшін құзыреттіліктерден құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-процесс айқындайтын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының кіріктіліген және салыстырмалы түрде автономды жиынтығын білдіретін еңбек қызметі түрінің құрамдас бөлігі;

7) кәсіби қызметтің саласы – жалпы интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын міндеттер, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар салалық үйлес еңбек функциялары мен оларды орындау үшін құзыреттіліктерді шамалайтын еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарт бірлігі – еңбек қызметінің аталған түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде автономды және елеулі болып табылатын нақты еңбек функциясының жан-жақты сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

9) кәсіп, мамандық – арнайы теориялық білім мен арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын практикалық білік, жұмыс тәжірибесі кешенін менгеруді қажет ететін еңбек қызметі түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, дағдысы мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

11) лауазым – лауазымдық құзіреттілік пен лауазымдық міндеттер жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асыруға және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;

13) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен қызметкерлердің кәсіби біліктірі ортақ ұйымдардың жиыны;

14) салалық біліктілік шенбері (СБШ) – салада танылған біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

15) ұлттық біліктілік шенбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылған біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

16) функционалдық карта – белгілі бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындаудың қызметкердің еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

## 2. КС паспорты

5. Бұл КС мынаны айқындайды:

1) экономикалық қызметтің түрі (кәсіби қызметтің саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыйыптауышы (бұдан әрі – ҚР МЖ 03-2007 "91.01 Кітапханалар мен мұрағаттардың қызметі".

2) экономикалық қызмет түрлерінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты:

Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын ғылыми пайдалану және жариялау бойынша жұмысты жүзеге асыру;

3) біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (мамандық) түрлері осы КС 1-қосымшасына сәйкес.

### **3. Еңбек қызметі (мамандық) түрлерінің карточкасы**

6. Еңбек қызметі (мамандық) түрлерінің карточкасы:

1) Біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 5; СБШ бойынша – 5.

2) ҚР МКС 01-2005 – Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер сыйыптауышы: 2431 "Мұрағатшылар, мұражайлар сақтаушылары және ұқсас кәсіп мамандары";

3) лауазымдардың (мамандық) мүмкін атаулары: ғылыми қызметкер;

4) орындалатын еңбек қызметінің жалпы сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын ғылыми пайдалану және жариялау бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;

5) жұмыс жасауға болатын орындар, қызметкердің кәсіби біліміне және оқытуына қойылатын талаптар, біліктілігін растайтын сертификаттың қажеттілігі , жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа қол жеткізуудің ерекше жағдайлары осы КС 2-қосымшасында берілген.

### **4. КС бірліктерінің тізбесі**

7. КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшасында көрсетілген және КС бірлігінің шифры мен атауы бар.

### **5. КС бірліктерінің сипаттамасы**

8. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында көрсетілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

9. Мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестілгін растау саласындағы ұйымдармен осы КС негізінде сертификаттар беріледі.

10. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері, сертификатты алу үшін осы КС 3-қосымшасында көрсетілген менгерілуі міндепті КС бірліктерінің тізбесіне сәйкес анықталады.

## **7. Әзірлеушілер, келісу парагы, КС саралтама жасау және тіркеу**

11. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі болып табылады.

12. КС келісу парагы осы КС 5-қосымшасында көрсетілген.

Археограф мамандығы бойынша

кәсіби стандартқа

1-қосымша

### **Біліктілік деңгейі бойынша қызметтердің (мамандықтардың) түрлері**

№ р/ с	Кызмет түрлерінің атауы	Еңбек нарығында тәнайлған мамандар атауы	КР МС 01- 2005 сәйкес кәсіппер атауы	СБШ бойынша біліктілік деңгейі	БТБА бойынша дәреже
1	Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағат коры құжаттарын ғылыми пайдалану және жариялау бойынша жұмысты жүзеге асыру	археограф	археограф	5	-

Ескерту: БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіпперінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

Археограф мамандығы бойынша

кәсіби стандартқа

2-қосымша

### **1. Мамандығы бойынша жұмыс жасауға болатын орындар. Археографтың еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар**

Мамандығы бойынша жұмыс жасауға болатын орындар		Ұлттық мұрағатта, орталық мемлекеттік мұрағаттарда, облыстардың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік мұрағаттарында және олардың филиалдарында, арнайы мемлекеттік мұрағаттарда
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		Ески (шаң басқан) құжаттармен жұмыс
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		жазба тарихи деректермен жұмыстың тәсілдері мен әдістерін білу
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	Кәсіби білім және оқу деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
5 . 4 (Санатсыз археограф)	Тарих, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, зангер, филология мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім	жұмыс өтілі талап етілмейді
5 . 3 (Екінші		

санатты археограф	Тарих, мұрагаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, зангер, филология мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім	мұрагат саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде 1 жыл
5 . 2 (бірінші санатты археограф)	Тарих, мұрагаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, зангер, филология мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім	мұрагат саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде 2 жыл
5 . 1 (Жоғары санатты археограф)	Тарих, мұрагаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету, зангер, филология мамандықтары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім	мұрагат саласындағы жұмыс өтілі кем дегенде 3 жыл

Археограф мамандығы бойынша  
кәсіби стандартқа  
3-қосымша

## КС бірліктерінің тізбесі

### 1. Археографтың еңбек қызметінің (мамандығының) түрі

еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы
Ф 1	мұрағаттық құжаттарды баспаға дайындау
Ф 2	мұрағат құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы анықтамалық-ақпараттық базалымдар дайындау
Ф 3	аса құнды және бірегей құжаттарды анықтау
Ф 4	археография мәселесі бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына және нормативтік және әдістемелік құжаттар әзірлеуге қатысу

Ескерту: Ф - функция

Археограф мамандығы бойынша  
кәсіби стандартқа  
4-қосымша

## КС бірліктерінің сипаттамасы (функционалдық карта)

### 1. Археографтың еңбек қызметінің (мамандығының) түрі

Шифр	Еңбек күралдары	Еңбек жабдықтары	Міндеттер	Білу және дағдылану	Білім
			3.1.1 Басылымның жоспар-проспектісін жасауга, құжаттарды анықтауға және іріктеуге қатысу, мәтін териу, мәтінді түпнұсқамен салыстыру; 3.1.2 Археографиялық сипаттауда басылым құжаттарын және күрылымын жүйелеуге		

Ф 1	Мұрағаттық күжаттар, мұрагаттың ғылыми-анықтамалық-ақпараттық коры, деректер базасы, деректер банкі	<p>Жеке компьютер, кітапхана, басылымның жоспар проспектісі, интернет ресурстары</p> <p>катысу, күжаттарды анықтау және іріктеу, ғылыми-анықтамалық аппарат дайындау;</p> <p>3.1.3 Басылымның жоспар-проспектісін, күжаттарға түсініктеме жасауға және ғылыми саралауға, күжаттарды археографиялық ресімдеуге, күжаттарды анықтау және іріктеуге, басылым жүйесін және құрылымын, ғылыми-анықтамалық аппаратын дайындауға қатысу;</p> <p>3.1.4 Басылымды дайындау, басылымның жоспар-проспектісін, жүйесі мен құрылымын жасау, күжаттарды анықтау және іріктеу, ғылыми-анықтамалық аппарат дайындауды тексеру, күжаттарға түсініктеме жасау және ғылыми саралау, археографияның теориясы мен әдісі жөнінде кеңес беру жұмыстары бойынша үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз ету.</p>	<p>Компьютер техникасын пайдалану, деректер базасын басқару негіздері.</p> <p>Мұрағаттық күжаттардың ғылыми-анықтамалық жағдайын анықтау және іріктеуден кейін оның қолданылуын мүрдештесін анықтау.</p>
Ф 2	Мұрағаттық күжаттар, мұрагаттың ғылыми-анықтамалық-ақпараттық коры, деректер базасы	<p>Жеке компьютер, кітапхана, басылымның жоспар-проспектісі, интернет ресурстары</p> <p>3.2.1 Басылымның жоспар-проспектісін жасауға, күжаттарды анықтау және іріктеуге қатысу, мәтін тери;</p> <p>3.2.2 Басылымды жүйелеудің құрылымдық-хронологиялық сұлбасын дайындауга қатысу, ғылыми-анықтамалық аппарат дайындау, мұрағат күжаттары бойынша деректер және банктер базасын құру және жүргізу, мәтін тери;</p> <p>3.2.3 Басылымның жоспар-проспектісін жасауға, басылымды құрастырудың әдісін, басылымның жүйесі мен құрылымын анықтауга қатысу,</p> <p>3.2.4 Басылымды дайындау, басылымның</p>	<p>Компьютерлік техниканы қолдану, деректер базасын басқару.</p> <p>Мұрағаттық күжаттардың құндылығын айқындау</p>

			жоспар-проспектісін, жүйесі мен құрылымын жасау, құжаттарды анықтау және іріктеу, археографияның теориясы мен әдісі жөнінде кеңес беру жұмыстары бойынша үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз ету.	мұрғанықкоры	
Ф 3	Мұрағаттық құжаттар, мұрағаттың ғылыми-анықтамалық-ақпараттық коры, деректер базасы	Жеке компьютер, кітапхана, интернет ресурстары	<p>3.3.1 Аса құнды және бірегей құжаттарды анықтауға қатысу, құжаттар құндылығын сараптауға қатысу, шағын фильм және цифрлік тасығышқа аудару үшін істер тізімдемелері бойынша нақты бағдармен құжаттар іріктеу, мәтіні көмексіленген құжаттарды анықтау;</p> <p>3.3.2 Аса құнды және бірегей құжаттарды анықтауға қатысу, құжаттар құндылығын сараптауға қатысу, құжаттар іріктеу;</p> <p>3.3.3 Аса құнды және бірегей құжаттарды анықтау, құжаттар құндылығын сараптау, аса құнды және бірегей құжаттарға аннотация жасау, шетелде сактауда тұрган Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды анықтауға қатысу;</p> <p>3.3.4 Аса құнды және бірегей құжаттарды анықтау, құжаттар құндылығын сараптау, аса құнды және бірегей құжаттардың аннотациялық тізбесін жасау, шетелде сактауда тұрган Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды анықтау, мұрағат құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы зерттеушілерге кеңес беру.</p>	<p>Жазба тарихи деректерді оқудың жолдары мен әдістері.</p> <p>Қосымша тарихи пәндер бойынша теориялық және практикалық білімді пайдалана отырып кәсіби проблемаларды шешу.</p>	Мұрғаттедерреттепретте құқықоры
			<p>3.4.1 Құжаттардың құрамы мен мазмұны туралы анықтамалық-ақпараттық базасының дайындау;</p> <p>3.4.2 Археография</p>	<p>Мұрағат саласында ықпалдастық білім</p> <p>процедурасын сакта</p>	Мұрғаттедерреттепретте құқықоры

Ф 4	Мұрағаттық күжаттар, мұрағаттың ғылыми-анықтамалық-ақпараттық қоры, деректер базасы	Жеке компьютер, кітапхана, интернет ресурстары	мәселелері бойынша нормативтік-әдістемелік әзірлемелер, ғылыми-анықтамалық аппараттың жай-күйіне талдау, мұрағат күжаттары бойынша деректер базасы, күжаттық жарияланымдарға пікірсарал.	дамыту бойынша ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті жүзеге асыруды білу және дағдылану.	жіктесінде сақтау құжат мен ғылыми апараттың анықтамалық қорының әдістемесінде.
-----	---	--	--	--	---

Археограф мамандығы бойынша

кәсіби стандартқа

5-қосымша

## Келісу парагы

Ұйымның атауы	Келісу күні
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	

Осы кәсіби стандарт \_\_\_\_\_ тіркелген.

Кәсіби стандарттардың тізіліміне енгізілген, тіркеу № \_\_\_\_\_.

Хат (хаттама) №\_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Мәдениет

және ақпарат министрінің

2013 жылғы 18 желтоқсандағы

№ 296 бүйрүгіна

3-қосымша

## Мұрағат қоймасының менгерушісі мамандығы бойынша

### кәсіби стандарт

#### 1. Жалпы ережелер

1. Мұрағат қоймасының менгерушісі мамандығы бойынша кәсіби стандарт (бұдан әрі – КС) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және "91.01 Кітапханалар мен мұрағаттардың қызметті" кәсіби қызмет саласындағы біліктіліктің, құзыреттіліктің, мазмұнының, сапасы мен еңбек жағдайларының деңгейіне талаптарды анықтайды және:

1) еңбек саласы және кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын реттеу;

2) кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу үшін талаптарды регламенттеу;

3) персоналды аттестациялау және сертификациялау кезінде қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау үшін талаптарды регламенттеуге арналған.

2. КС-тың негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының тұлектері, қызметкерлер;

2) ұйым басшылары, персоналды басқару ұйымы бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) мемлекеттік білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) кәсіби даярлықты бағалау және мамандардың біліктілігіне сәйкестігін растау саласының мамандары.

3. КС негізінде ұйымның біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтары, ұлгілік білім бағдарламалары, ұлгілік оқу бағдарламалары, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

4. Осы КС-та төмендегі терминдер мен қысқартулар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір еңбек қызметі түрінің шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлеріне қарай сараланатын қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

